

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде
«Кедендік әкімшілендіруді жетілдіру» тақырыбында
2013 жылғы 23 қыркүйекте өткен Үкімет сағатының
нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевтің баяндамасын тыңдай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Күнделікті практикаға электронды декларациялауды енгізу, кедендік рәсімдерден өту үшін қажетті рұқсат ету құжаттарының санын азайту жұмысын белсенді түрде жалғастыратын болсын.

2. Кеден органдарының ақпараттық жүйесін басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен жаңғырту және интеграциялау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметтің адал қатысушыларының «сеніміне» негізделген тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жұмысын жүзеге асырсын.

4. Кеден ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесін кеңейту мәселесін қарастырсын.

5. Ұлттық заңнамаға кедендік әкімшілендіру ісін жетілдіруді қамтамасыз ету бойынша тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысын жалғастырсын.

6. Барлық бағыттар бойынша бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту және инвесторлардың Қазақстан Республикасына оң көзқарасын қалыптастыру мақсатында кедендік тазарту рәсімдерін одан әрі жетілдіру жұмысын жалғастырсын.